ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН - БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

№03 (449), 15 ақпан 2018 жыл

ОҚУ/ БІЛІМ
БІЛІМГЕРЛЕР КВОТАҒА ИЕ БОЛДЫ
02

ҒЫЛЫМ/ БІЛІМ
ЖАСТАР ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ
02

ОҚУ/БІЛІМ
ҰТҚЫРЛЫҚТАН ҰТАРЫМЫЗ КӨП
03

ЖОЛСАПАР
ІЗДЕНІС ПЕН ҮМІТКЕ ТОЛЫ ІС-САПАР
05

## БРИФ-ХАБАР

### ГРАНТТЫҚ ЖОБА: ҒАЛЫМДАРЫМЫЗДЫҢ ІРІ ЖЕҢІСІ

**Университетіміздің бір топ ғалымдары ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсында ірі жеңіске қол жеткізді.**

» 02

### ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ – ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАЙДЫ

**«Білім алуға жан-жақты жағдай жасалған екен. Академиялық ұтқырлық бойынша келген студенттеріміз жатақханаға орналасты. Кітапхананың оқу базасы да көңілімізден шықты. Студенттермен жұмыс жасау барысында әрдайым өз-өзімізді дайындап отыруымыз керек. Бізде дәрістер орыс, ағылшын тілдерінде өтсе, сіздерде қосымша түрік тілі пәні жүргізіледі. Сондықтан да біз түрік тілін меңгеруге тырысып жатырмыз»**

» 03

### ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**Университетімізде «Үш тұғырлы тіл» идеясын қолдау негізінде шет тілдерін жетік меңгерген білімді кадрларды дайындау мақсатында Түркия Республикасы тарапынан бөлінген білім гранттарының иегерлері «Тіл білімін жетілдіру курсында» (Foundation) бір жыл арнайы дәріс алып, сынақ тапсырғаннан кейін өз мамандықтары бойынша білімдерін жалғастырады.**

» 05

### ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТҮРКІСТАН

**Қаланың қазіргі сәулетіне ерекше көркемдік қосып тұратын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғимараты. Бұл оқу орнына жыл сайын шетелден 500-ден астам студенттер келеді екен. Шетелдік студенттердің келуі, әрине, Түркістан туризміне ерекше серпін берері сөзсіз.**

» 08

## УНИВЕРСИТЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



**Шахмардан Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар мен инжиниринг университетінен бір топ делегация оқу ордамызға келді.** Қонақтарды бастап келген оқу-ісі жөніндегі проректоры А.Сейдалиев 10 күн бұрын Назарбаев университетінен басталып, біздің оқу орнымызбен аяқталған іс-сапардың мақсаты, еліміздегі ең ірі жоғары оқу орындарымен танысып, байланыс орнату, университеттер арасында ынтымақтастық орнату екендігін жеткізді.

Арнайы келген қонақтарды университетіміздің оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректоры Н.Ажиханов пен даму және қаржыландыру ісі жөніндегі проректоры М.Эрен университет кампусымен, Түркі халықтар мұражайымен, Ғылыми кітапхана және оқу орнының базасымен таныстырды. Келген қонақтармен университет басшылары кездесіп, екі білім ошағы арасында ынтымақтастық келісссөздер жүргізіп, ақпарат алмасты. Кездесу барысында КМТИУ проректоры А.Сейдалиев университетіміздің проректоры М.Эренге төсбелгі табыстады.

## Құпия соғыс қаһармандарына тағзым

**Жуырда Мәдениет орталығында студенттердің Ауған соғысы ардагерлерімен кездесуі өтті. Патриоттық тәрбие беретін кеш қаза тапқан жауынгерлерді үнсіздікпен еске алып, олардың рухына тағзым етумен басталды.**



Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағлым алады. Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Азаттығы мен тәуелсіздігін аңсаған қазақ елі де Ұлт-азаттық көтерілістер, І-Дүниежүзілік азамат соғысы, ақтар мен қызылдардың соғысы, ашаршылықтың құрсауында қалу, алаш зиялы қауымын қырып-жоюы, Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы сияқты көптеген ұрыс-соғыстардың ауыр қасіреттерін бастан кешті. Солардың бірі - Ауған соғысы. Биыл ақпанның 15-інде КСРО әскерлерінің Ауғанстан жерінен шыққанына 29 жыл.

Ауғанстанға әскери енгізу туралы шешім 1979 жылдың 12-желтоқсанында Кеңестер Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Саяси бюросының отырысында қабылданып, аса құпия қаулымен бекітілді. Ауғанстандағы 1978 жылғы сәуір төңкерісі нәтижесінде билікке келген "халықтық-демократиялық үкіметті" қолдап, көршілес елдің социалистік бағытпен дамуын көздеп, "интернационалдық әскери жәрдем береміз" деген желеумен оның ішкі істеріне араласты. 1979 жылдың 25 желтоқсаны мен 1989 жылдың 15-ақпаны аралығында болып өткен Ауған соғысына Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (КСРО) аумағынан 620 мыңнан астам жауынгер мен офицер қатысты. Қызыл Армияның шектеулі контингенті он жыл бойы ауған халқымен бірге соғыс әрекеттерін жүргізді. Ауғанстан жерінде интернационалдық борышын атқарған Қызыл Армия жауынгерлерінен басқа да, көптеген қауіпсіздік қызметінің және ішкі істер органдарының қызметкерлері де болды. Ауған соғысына қатысқан қазақстандықтардың саны – 22 мың 269 жауынгер болды. Соғыс даласында Қазақстан 924 боздағынан айырылды. Жар құшып, бала сүйіп үлгермеген 1015 жас солдат елге мүгедек болып оралса, 21 солдат із - түзсіз кетті. Бұл соғыстың абырой әпермейтінің түсінген Кеңес үкіметінің басшылары 1986 жылы Ауғанстандағы барлық әскерді екі жылдың ішінде алып шығу туралы бір шешімге келді. 1989 жылдың 15 ақпанында қолбасшы, генерал - лейтенант Б.Громов "Кеңес әскері Ауғанстан жерінен толықтай шығарылды" деп мәлімдеді.

**(Басы. Жалғасы 5-бетте)**

# АҚПАРАТ / ХАБАР

БІР ТАҚЫРЫПҚА ҚОС ХАБАР

## Гранттық жоба - ғалымдарымыздың ірі жеңісі

**Университетіміздің бір топ ғалымдары ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсында ірі жеңіске қол жеткізді.**

Оқу орнының жиырма жеті жылдық тарихында тұңғыш рет қаржы көрсеткіші 220 миллионнан астам гранттық жобаларды қанжығасына байлаған жеңімпаздарымыз Қ. Ерғебек, А. Ақбасова, Б.Тұрметов, Б.Қалымбетов, М.Сұлтанов, Р.Сыдықова, А. Құрбаниязов, И. Аймбетова, А. Балтабаева, С. Абжалов, С. Мұрғабаев сынды белгілі ғалымдар.

Жаратылыстану саласындағы ақпарат, телекоммуникация және ғарыш технологиялары, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде су ресурстары, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар, «Мәңгілік ел» (ХХІ ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) ғылыми негіздері бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғалымдарымыздың алдағы істеріне сәттілік және табыс тілейміз.

БІЛІМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## Түркия университеті қазақстандықтар үшін оқу грантын бөлді

Ыстамбұлдағы Шехир университеті қазақстандық үміткерлер үшін оқу гранттарын бөлді, деп хабарлайды ҚазАқпарат «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның сайтына сілтеме жасап. Ыстамбұл Шехир университеті қазақстандық студенттерге келесі мамандықтар бойынша оқу гранттарын ұсыды: Іскерлік әкімшілік магистрі (1 жыл), Қаржы саласындағы MBA (1 жыл), Банк салсындағы MBA (1 жыл), Өнеркәсіптік және жүйелі инженерия салсындағы магистр (2 жыл), Электротехника және компьютерлік техника салсындағы ғылымдар магистрі (2 жыл), Деректер туралы ғылым магистрі (2 жыл). Толық тегін оқуға 4 грант, 70% жеңілдікпен оқуға-10 орын, 50% жеңілдікпен оқуға (тұру, тамақтану, медициналық сақтандыру, көлік шығындарын қоспағанда, оқу ақысы - 4000 доллар) - 40 орын қарастырылған. Айта кетерлігі, 2008 жылы негізі қаланған Ыстамбұл Шехир университеті Түркиядағы беделді университеттерінің бірі. Қазіргі уақытта ЖОО-да 5 мың студент білім алуда, оның 18 пайызы шетелдік студенттер. Оқу 2018 жылғы наурыз айының басында басталады.

**inform.kz**
**2018 жылғы 14 ақпан**

## Ғылыми жұмыстардың есебі тыңдалды

Жуырда мәдениет орталығының кіші залында Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан 2016-2018 жылдар аралығында қаржыландырылған ғылыми-зерттеу жоба жетекшілерінің қорытынды есептері тыңдалды. Сараптау комиссиясы отырысына даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президенті PhD Мұстафа Эрен төрағалық етті. Есеп беру барысында ғалымдардың әлемдік рейтингтік ғылыми журналдарда жариялаған импакт-факторлы мақалалары мен патенттері таныстырылды. Ғылыми жобалары бойынша нақты деректер, құнды мәліметтер айтылды. Сонымен қатар, ғылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент, профессор Т.Раимбердиев университетіміздің бір топ ғалымдары ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсында ірі жеңіске қол жеткізгендігін атап өтті. Сараптау комиссиясының мүшелері тарапынан ғалымдарымыздың ғылыми жоба шеңберінде жүргізген жұмыстарына оң бағасын беріп, алдағы ғылыми жұмыстарына сәттілік тіледі.

**Ғылым және инновация департаменті**

БӘРЕКЕЛДІ

## ЖАСТАР ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ



**Жуырда университетіміздің AYU DEBATE CLUB-ның мүшелері Ақтөбе қаласындағы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина академиясының ЖАЛЫН Cup клубының ұйымдастыруымен өткен Республикалық пікірсайыс турниріне қатысып жеңімпаз атанды.**

Еліміздің көптеген университеттерінен келген 100 студент 50 фракцияға қатысты. Оқу ордамыздың намысын қорғаған Медицина факультетінің студенттері Жансая Сапарқұл мен Әйгерім Даурезанова І орынды иеленді. Сонымен қатар Гуманитарлық ғылымдар факультетінің Педагогика және психология мамандығының студенттері Аяжан Имаш пен Айнұр Хабуллаева «Үздік фракция» номинациямен марапатталды. Белсенді студенттеріміздің бағындырар белестері көп болсын!

**ЯУ-ақпарат**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## БІЛІМГЕРЛЕР КВОТАҒА ИЕ БОЛДЫ

**Қысқы сессия нәтижесінде университетте ақылы негізде оқитын оқу үлгерімі жақсы, GPA балы жоғары 98 студент Түркия квотасына ие болды. Атап айтсақ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінен 14, Гуманитарлық ғылымдар факультетінен 9, Жаратылыстану факультетінен 9, Инженерия факультетінен 4, Өнер факультетінен 7, Филология факультетінен 13, Жалпы медицина факультетінен 26, Стоматология факультетінен 16 студент енді ақысыз білім алуға зор мүмкіндік алды. Академиялық қарызы бар, оқу үлгерімі төмен стденттерге квота тағайындалмайды. Университетіміз белсенді, білімі жоғары студенттерге әрқашан да қолдау білдіріп отырады. Жанамын деген жастарға жалын беретін университет басшылығына студенттер мен ата-аналар қауымы дән риза.**

**ЯУ-ақпарат**

## Туберкулез – жазылатын ауру

**«АИ» дәрігерлік амбулаториясы ұйымдастыруымен «Туберкулез – жазылатын ауру» атты семинар өтті.**

Семинарға университетіміздің «АИ» дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі М.Тұңғышбаева, Түркістан қалалық ҚДСБ эпидемиология бөлімінің басшысы Ғ.Ақанбаева, ҚДСБ эпидемиология бөлімінің бас маманы Ж.Алимов, ТҚЕЕ туберкулез бөлімінің дәрігері фтизиатр-эпидемиолог А. Қожабеков, фтизиатр-рентгенолог А.Жаренов, Түркістан қалалық СӨСҚО меңгерушісі Г.Нуруллаева және оқытушылар мен студенттер қатысты.

Семинарды сөз сөйлеп ашқан М.Тұңғышбаева:

– «Туберкулез ежелден келе жатқан ауру. Бұл ауру өзінің өзектілігін әлі жойған жоқ. Осыған орай, біз студенттерге қысқаша мәлімет беруді жөн санап отырмыз. Сонымен қатар, туберкулез ауруы жағдайы төмен немесе иммунитеті әлсіз адамдарда кездеседі деп ойлаған болатынбыз. Бірақ өкінішке қарай, қазіргі уақытта жоғары оқу орындарындағы студенттер арасында да жиі кездесуде. Биылғы 2017-2018 жылғы оқу мерзімінің ішінде қыркүйек айынан бастап, осы уақыт аралығында 3 студент пен 1 қызметкердің арасынан туберкулез ауруы тіркеліп отыр. Әрине, бұл қуантарлық жайт емес», – дейді ол.

Аталған тақырып бойынша «АИ» дәрігерлік амбулаториясының дәрігері М.Шайхатарова «Туберкулез жұқпалы» тақырыбында слайд-шоу көрсетіп, презентация жасады. Онда туберкулездің алдын-алу бойынша негізгі ұғымдар, тексерулер және ТБЕ жүргізу, екпе егу мәселесі туралы айтылды.

Түркістан қалалық ҚДСБ эпидемиология бөлімінің



басшысы Ғ.Ақанбаева туберкулез ауруы туралы кең ауқымда таныстырып өтті. Одан кейін өз кезегінде ҚДСБ бас маманы Ж.Алимов жатақхана студенттеріне жеке басы гигиенасы, бөлмеге қойылатын санитарлық талаптар жайында сөз қозғады. Семинарда аталған тақырыпқа орай видеоролик көрсетілді. Сондай-ақ маман иелері семинар барысында туберкулез ауруының белгілері, таралу жолдары, алдын алу шаралары және қақырық жинау ережелері мен тасымалду әдістері туралы, манту сынамасын қоюға және БЦЖ вакцинасына көрсеткіштер мен қарсы көрсетілімдер, екпе салу техникасы және БЦЖ екпесінен кейін болатын реакциялар жайында талқылады. Сонымен бірге, өкпені 6 ай сайын флюрографияға түсіріп тұруға кеңес беріліп, осы ауру туралы мағлұмат беретін жадынамалар таратылды.

Студенттер маман иелеріне туберкулез ауруына қатысты мазалап жүрген сауалдарын қойып, өздеріне қажетті мағлұмат алды.

**Жадыра ҚОЖАХМЕТ**

# Ұтқырлықтан ұтарымыз көп



Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2017-2018 оқу жылының көктемгі семестріне Медицина факультетінен 20 студент С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне және 9 студент Қарағанды мемлекеттік медицина университетіне, Жаратылыстану факультетінің Математика мамандығы бойынша 2 студент Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне, Экология мамандығы бойынша 1 студент Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне білім алуға кетті. Сонымен қатар Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінен 1 студент, Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университетінен 1 студент Жаратылыстану факультетіне, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінен 2 студент Филология факультетіне, Қарағанды мемлекеттік медицина университетінен 16 студент Медицина факультетіне, Қазақ-Орыс Халықаралық университетінен 10 студент Әлеуметтік ғылымдар, Филология, Инженерия факультеттеріне бір академиялық кезеңге білім алуға келді.

Мевлана, Орхун және ҚРБжҒМ-нің «Шетелде 1 семестр білім алу» бағдарламалары бойынша 2017-2018 оқу жылының күзгі семестрінде Италия мемлекетінің Флоренция университетінде 5В050600-Экономика және 5В050900-Қаржы мамандықтары бойынша 3 білімгер, Түркия Республикасының Акдениз, Сакария, Гиресун, Эрджиес, Жумхуриет, Хаджеттепе университеттерінде Филология, Әлеуметтік ғылымдар, Гуманитарлық ғылымдар, Медицина факультеттерінен жалпы 40 білімгер, «Манас» Қырғыз-Түрік университетінде 5В020200-Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша 1 білімгер білімдерін шыңдап қайтты.

Білімгерлер білімдерін жан-жақты жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар жергілікті халықтың салт-дәстүрлері және мәдениетімен жіті танысуға мүмкіндік алды.

**Академиялық ұтқырлық бөлімі**

# Тәжірибе алмасу – шеберлікті шыңдайды

**Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Ақтөбе қаласындағы Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің аға оқытушылары Гулмира Молдабекова «Бухгалтерлік есеп» (қазақ тілінде) пәнінен және Елена Пилипенко «State regulation economy» (ағылшын тілінде) Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Экономика, Қаржы, Менеджмент және Есеп және аудит мамандықтарының студенттеріне 29-қаңтар мен 11-ақпан аралығында дәріс өтті. Аталған оқытушылармен өз кезегінде аз-кем әңгімелескен едік.**

**– Университетке келгендегі мақсаттарыңыз қандай?**

– Ақтөбе «Қазақ-Орыс Халықаралық университеті» – Қазақстан Республикасындағы алғашқы жеке жоғары оқу орындарының бірі.Университеттер арасында ынтымақтастық қарымқатынастарды нығайту мақсатында еліміздің бірқатар жетекші жоғары оқу орындарымен академиялық келісімге қол қойылған. Сол келісім негізінде сіздердің университетке де келдік. 2 апта мерзім аралығында осында боламыз.



Негізгі мақсатымыз – тәжірибе алмасу, біліктілік арттыру, университеттер арасында байланысты арттыру. Өзімізбен бірге 10 студент алып келдік. Олар осы университетте өз мамандықтары бойынша 1 семестр білімдерін жалғастыратын болады. Түрік тілі пәнін қызығушылықпен оқып жатыр. Болашақ мамандарымыз жан-жақты болса дейміз. Тамыры тереңге жайылған оқу ордаларыңыз бізге қатты ұнады. Білім алуға жан-жақты жағдай жасалған екен. Академиялық ұтқырлық бойынша келген студенттеріміз жатақханаға орналасты. Кітапхананың оқу базасы да көңілімізден шықты. Студенттермен жұмыс жасау барысында әрдайым өзөзімізді дайындап отыруымыз керек. Бізде дәрістер орыс, ағылшын тілдерінде өтсе, сіздерде қосымша түрік тілі пәні жүргізіледі. Сондықтан да біз түрік тілін меңгеруге тырысып жатырмыз. Келесі жолы келгенде түрікше дәріс өтуіміз мүмкін. Біздің университетіміз ХҚТУ сияқты үлкен болмағанымен де, Ресей, Германия сынды елдердің ЖОО-мен ортақ байланыстар жасалған. Теория мен тәжірибенің бірігуі десек болады.

**– Сіздерде студенттерге грант, квота қарастырылған ба. Оқу жүйесіндегі жеңілдіктер жөнінде айта кетсеңіздер?**

– Біздің университет жекеменшік оқу орны болғандықтан, грант қарастырылмаған. Университет ректоры Темірхан Бердімұратовтың арнайы гранты бар. Облыс, қала әкімдерінің де гранты бөлінеді.Ректорымыз белсенді студенттерге күш беретін, жұмыс жасайтын оқытушыларға қолдау білдіретін жанашыр жан.

**– Түркістанға келгендегі әсерлеріңізбен бөліссеңіз?**

– Екі жақты келісім негізінде басшымыздың ұсынысымен келдік. Қасиетті қалаға келіп, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың атындағы университетте дәріс оқыдық. Халықаралық дәрежедегі білім беретін университетке, қиелі Түркістанға келгенімізге қуаныштымыз. Университет ұжымы қонақжай екен. Кафедраның оқытушылары да студенттері де жылы қабақпен қарсы алды. Ешқандай да жатырқау болған жоқ. Түркістанға келуге ұсыныс айтқанда мен барайынша деп, қуана келістім. Кафедра меңгерушісі: «Тоқта, қазақ тілді басымдығы жоғары аймақта тіл білмей қиналасың» деген болатын. Сенбі, жексенбі күндері студенттермен бірге Түркістанның киелі жерлерін аралап, тарихымен танысуға мүмкіндік алдық. Ақтөбе мен Түркістан қалаларының арасында алтын көпір орнай берсін. Достығымыз бен ынтымақтастығымыз нығайсын.

**– Студенттердің белсенділігі көңілдеріңізден шықты ма?**

– Студенттердің білімге қызығушылығы өте жоғары екен. Семинар сабақтарға да белсенді қатысты. Шәкірттің білімі тікелей ұстаздарға байланысты деп ойлаймыз. Осы жерде университет оқытушыпрофессорларының сіңірген еңбегі мен берген білімін ерекше айта кету керек.

***P.S. Ақтөбе халықаралық университеті «Экономика, менеджмент және сервис» кафедрасының оқытушылары Г.Молдабекова «Есеп және аудит» мамандығының студенттеріне «Бухгалтерлік есеп негіздері», «Бухгалтерлік есеп принципі», «Бухгалтерлік есеп», «Халықаралық қаржылық есеп стандарты» тақырыптары бойынша лекция және семинар жүргізді. Е.Пилипенко «Жобалық технология оқу әдісін экономикалық пәндерді оқу арқылы білім беру тәжірибеде қолдану» тақырыбында ғылыми семинар өткізді. Семинар соңында Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, профессор М.Топлу атылмыш оқытушыларға алғысын білдіріп, сертификат табыстады.***

**Сыр бөліскен:**
***Жанар* БЕЙСЕНБАЕВА**

## Университет ғалымдарының мәжілісі өтті



**Мәдениет орталығының кіші залында, университетіміздің Ғылыми-техникалық кеңес мәжілісі өтті.**

Мәжіліске кеңес төрағасы мен мүшелері, күн тәртібіне қатысы бар оқытушы-профессорлар мен магистрант және докторанттар қатысты.

Ғылыми-техникалық кеңес мәжілісінде күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша университеттің 1-курс докторанттары Ж.Алибекова, Б.Шарханова, Р.Хазретәліқызы, А.Сәдібеков ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есеп берді.

Кеңес төрағасы Т.Раимбердиев және кеңес мүшелері докторанттардың диссертациялық тақырыптарына байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есептерін мұқият тыңдап, жас ғалымдарға бағыт-бағдар мен ұсыныс-пікірлерін білдіріп, сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, докторанттардың ғылыми жетекшілері ретінде тағайындалған PhD докторлардың ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша еңбектерінің маңыздылығына тоқталып, ізденушілерге ғылыми жетекшілік жасаудың талаптарын түсіндірді.

Мұнан соң күн тәртібінің әртүрлі мәселелері бойынша доцент З.Жандарбектің «Ясауи» ғылымизерттеу орталығының «Ясауи» журналын шығару жағдайы туралы мәліметі тыңдалды. Сонымен қатар университет ұстазғалымдарының монографияларын сараптап, Сенатқа ұсыну мәселесі қаралды.

**Ақпарат орталығы**

# ҰЛТТЫҚ РУХ



**Профессор ТОҚБОЛАТ ЕҢСЕГЕНҰЛЫ:**

# «ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, ӨТКЕНІҢДІ ТҮГЕНДЕ»

**Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы ТОҚБОЛАТ ЕҢСЕГЕНҰЛЫМЕН сұхбаттасқан едік. Назарларыңызға ұсынамыз**

**- Аға, адам өмірінің бастауы болатын балалық, жастық шағыңыз жайында айтып өтсеңіз?**

- «Аспан Еркі бойынша білімді болып туатын адамдар бар және осындай адамдар бәрінен жоғары тұрады. Бірақ оқу арқылы білімге жететіндер де бар және олар біріншілерден кейін тұрады. Ілімге кіріскен адамдар, қиын жағдайда бола тұра, үшінші орында тұрады, ал қиын жағдайда тұрып, оқымаған адамдар бәрінен төмен тұрады. Көріп отырғандай, Аспанға бағынуға және сол мезгілде білім алуда батымды болуға болады» - деп Конфуций адамдарды 4-ке бөледі. Мен осының 3-сіне келемін. Қазалы ауданы Өркендеу ауылында туып, өстім. Ол тарихи жер. Сыр бойын 400 жыл билеген оғыздардың астанасы болған Шанкенттің орны. Бала болып еркелеп, бұзықтық жасауға замандастарымның уақыты да болған жоқ. Соның бірі мен. Бала күнімнен қиындықтармен арпалысып келемін. Мен дүниеге келген жылы соғыс басталды. Соғыстан кейін аштық жылдарын халықпен бірге бастан өткердік. Мектепке бару үшін 15 шақырым жерге жаяу қатынайтынбыз. Әлі есімде, қыста киетін етігім жоқ. Аяғыма әкем сиырдың терісінен шарық тігіп берген, ол суды өзіне сіңіріп алады. Қақаған қыста мектептен келемін дегенше аяғым сылқылдаған су болатын. Небір күндер өтті ғой. Одан 10 жылдықты бітірген соң үкімет 2 жыл жұмыс істеуді міндеттеп қойды. Әскердегі борышымды өтеп келген жылы дария тартылып, қуаңшылық басталды. Оқуға әскерден келе сала кете алмадым. Біраз ауылда жұмыс істеп, әрі жолға қаражат жинап, бағымды сынауға Алматыға аттандым. Ол кезде жоғары оқу орнына түсу өте қиын еді. Шамам келгенше дайындалып, 2 дәптер тола шығарған өлеңдерімді ала бардым. Еңбегім еш кетпеді. Казақ мемлекеттік университетінің журналистика мамандығына қабылдандым. Ол кездері журналистер мен әдебиетшілердің өтетін пәндері де, оқытатын ұстаздары да бір болатын еді. Қазір аттары аңызға айналған ғұлама ұстаздардан білім алдық.

**- Журналистік қызметті алғаш қай газеттен бастадыңыз?**

- Соңғы курста оқып жүргенімде Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетіне тәжірибеден өтуге барғанмын. Отыратын орындығым да жоқ, тапсырма берсе орындаймын да сыртта жүремін. Сондай бір күні «редактор шақыртып жатыр» деді. Қорқа-қорқа кабинетіне кірсем «летучка» болып жатыр екен. Мұрнынан сөйлейтін кісі еді: – Мына практикант бала, осындағы сендерден мықты болып шықты. Жазған очеркін сендер жаза алмайсыңдар. Біз бұған ең болмағанда орындық та бермеппіз – деп басшы мақтай жөнелді. Содан көзім ашылды. Орындыққа отыратын болдым. Диплом алды тәжірибені аяқтап, мінездемеге қол қойдырайын деп редакторға барсам: - Дипломыңды алған соң бізге келесің – деді. Мен қуанып тұрсам да, ол кезде сене қоймадым. Бітіруші студенттік өмір жалғасып жатты, редактордың сөзі де ұмыт болған. Мемлекеттік емтихан басталған уақыт. Факультетіміздің деканы Т.Амандосов дәлізден сүйіншілеп айғайлап келе жатыр «Сүйінші! Оқу орнымыздың тарихындағы ең бірінші оқиға. Облыстық газеттің редакторы біздің студентті жұмысқа шақырыпты» деп емтиханның үстінде жеделхатты оқып берді. Редактор Ұзақ Бағаев айтқанындай мені жұмысқа жіберуін сұрап жеделхат жолдапты. КазМУ-ді бітіргеннен кейін Орталық Комитеттің жолдамасымен Қызылорда облыстық газетіне жұмысқа келдім. Онда 17 жыл журналистік қызмет атқардым.

**– Ұстаздыққа қалай келдіңіз?**

– Университеттегі дипломдық жетекшім Т.Қожекеев болған еді. Ол кісі өте қатал, талапшыл жан болатын. Оқуды бітіріп, газетте жұмыс істеп жүргенімде жетекшім хабарласты. Шәңкілдеп сөйлейтін: – Жоғалып кеттің ғой, хабарласу дегенді білмейсіңдер. Сенің дипломдық жұмысың 70 пайызы дайын кандидаттық жұмыс еді. Енді шамалы қоссаң болды ғой. Жүре бермей, ғылыммен айналыспайсың ба? – деген сөзінен кейін, ойлана бастадым. Оның үстіне, көп ұзамай Алматыға партиялық мектепке жіберді. Содан тақырыбымды бекітіп келіп, 1983 жылы кандидаттық диссертацияны қорғадым. Ол кезде журналистер 450, ал оқытушылардың жалақысы 130 сом болатын. Газетте жұмыс істеп жүре бердім. 1991 жылы егемендік алып, аласапыран басталды. Мерзімді басылымдардың біразы жабылды. Қалған газет-журналдардағы штаттар қысқарып жатты. Жігіттер қатты састы. Мен бөлім меңгерушісі болып қызмет істейтінмін. Орнымды осылардың біріне берейін де ғылыммен айналысайын деп, Қызылорда педагогикалық институтына доценттік қызметке тұрдым. Жоғары оқу орнында ғылыммен айналыса бастадым. Қорқытты зерттеп жүрген кезім, ректор Бақберген Досманбетов: – Оқу орнымызды Қорқыт деп атасақ қалай болады деп менімен ақылдасты. Солай «Қорқыт ата» атындағы мемлекеттік университеті аталған еді. Кейіннен Бақберген жеке «Болашақ» университетін ашып, мені жұмысқа шақырды. Онда кафедра меңгерушісі қызметін атқардым. Жұмыстың көптігінен бас бұруға шама болмады. Жұмыс ауыр, жазғандарым қалып барады. Не істесем екен деп жүргенімде, 2012 жылы қыркүйек айында Л.Тәшімов теледидардан ғалымдарды Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи университетіне қызметке шақырып сөйлегенін көрсетті. Сол жылы қазан айында түркологияға да жақын, әрі атақты, қасиетті жер деп осында жұмысқа ауысып келдім. Осы жерге келгелі 4 көркем шығарма жазып, 8 көптомдығым жарық көрді.



**- Ғалымдардың қолы бара бермейтін көне түркі тарихын халықаралық деңгейде зерттедіңіз. Бұл тақырыпқа баруыңызға не түрткі болды, несімен қызықтырды?**

- Егемендік алғанан кейін шетел саясаткерлері «қазақ» деген ел болмаған» деп шулады. Осыған сәйкес 1998 жылы Н.Назарбаевтың мақаласы басылымдарда жарық көрді. Онда «Бізді ел болмаған, мемлекет болмаған деп жатыр. Біздің тарихымыз болған. Сақ, ғұн, қаңлы, үйсін біздің арғы аталарымыз емес пе, неге зерттемейсіңдер?» - деп ғалымдарға ренжіңкіреп айтқан еді. Содан ойланып қалдым. Көне мәдениеті, көне жазуы, көне діні жоқ елді «варвар» дейді. Гегель айтқандай, варвар жалқау келеді және мәдениетті адамнан өзгешелігі алдына жайбаракат және топастықпен қарауында, өйткені мәдениет іс жүзінде әрекет етуге әдеттік пен мұқтаждық арқылы анықталады. Қазақтың көне мәдениеті, діні, философиясы әлі күнге дейін жоқ. Мысалы, қытайлар Конфуцийдің философиясымен өмр сүріп жатыр, көкке табынады. Қытай діні мен философиясында дәстүрлі түрде конфуцийлік, даосизм, буддизм қатар жүреді. Ана дін мына дінді жасаған негізі дейді. Су,от, жылу, жарық, жақсылықтың барлығы көктен келеді деп көкке табынады. Олжас Сүлейменов Азияны жазғанда «Ресми ғылым бізді қытайдың, арабтың, иранның емшегін емген дейді. Бұдан артық қорлау барма? Емшекті кім емеді? Қазақты кешегісі жоқ балаға теңеп отыр ғой. Ал шындығында, біздің мәдениетімізді арабтар, ирандар алды» – деп ашына айтқан еді. Олжас өте орынды айтып отыр. Көне мәдениетті жасап, халықаралық деңгейде таныту керек. Оны мемлекеттік тұрғыда қолға алу керек. Өкінішке орай, қазіргі зерттеулер Тоныкөк пен Күлтегіннен ұзамады.

Сібірдің Енисей, Тұрфан, Алтай, Талас, Орхон аймақтарында жерден биіктігі 2, ені 1,5, қалыңдығы 1 метр тастар сақталған. Бұл көне түркі руна жазбалары. Сібірде әскерде болған кезімде осы тастарды музейге өзіміз тасығанбыз. Тастардың жанында суретке түскен де едім, жоғалып кетіпті. Осылардың барлығын бағамдай келе ойымды профессор Әуелбек Қоңыратбаевқа айтып едім, көне дәуірді зерттеуіме кеңес берді. Содан Енисей, Талас, Алтай, Тұрфан, Орхон, шығармаларын тұтастай, ғылыми жүйеге түсіріп, халықаралық деңгейде зерттеп, «Көне түркі жазбаларының көркемдік жүйесі» деген тақырыпта докторлықты қорғадым. Бір жылдан соң профессорлықты алдым. «Көне түркі руна жазба поэзиясы» 5 том етіп баспадан шығардым. Осы еңбегімде қазақ елін сақ, ғұн, қаңлы, үйсін тайпалары құрағанын, біздің көне дініміз тәңірлік, заман өзгеруіне байланысты ислам дінін қабылдағандығымызды дәйекті деректермен дәлелдеп келтірдім. Көне дәуірде қазақтар көкке табынған. Көкте жаратушы тәңір бар деп есептеген.

Қазіргі таңда «Авестаны» қайта қарастырудамын. Энциклопедияда Авестаны Ирандікі деп көрсеткен. Олар оны бізден алған. Біздің дәуірімізге дейін 7-8–ғасырларда сақтар Алдыңғы Азияны жаулап алып, 28 жыл билеген. Содан дінін, дәстүрін, мәдениетін тастап, көшкен. Алдыңғы Азия деп отырғанымыз Медиа, қазіргі Иран. Иранның кереметтілігі мәдениеті, діні, әдебиеті, дәстүрінің көбісін көрші елдердің көне мәдениетінен алып, пайдаланып отыр. Кеңес үкіметі құлағаннан кейін, бізге де көне түркі шығармаларын алуға мүмкіндік туып еді. Мүмкіндікті жіберіп алдық. Өзбектер «Алпамыс батыры» иемденіп кетті. Оларда онсыз да атақты ақын, ғалымдары жеткілікті. Обсерватория жасап жүрген өзбек ағайындарға не дейсің. Қырғыздың Манасы бар. Қорқытты Әзірбайжан алып қойды. Менің мақсатым осы шығармалар арқылы қазаққа көне дәуірге кіретін саңлау табу. Көне дәуіріміздің бар екенін дәлелдеу. Табиғат бәрін теңестіріп жаратқан. Жақсылық пен жамандық тең. Күннің, айдың, жұлдыздың, менің, сенің бәріміздің өз жолымыз бар. Жолдың бәрі тәңірге бағынады. Күн де, ай да ауытқымай өз жолдарымен жүреді, адамдар ғана ауытқып жолдан шығып кетіп жатады. «Жолың болсын» деген қазақта тамаша сөз бар. Мен неге тырбанып жүрмін, өйткені бұл менің жолым.

**– Енді жұмысыңызды жалғастыратын шәкірт дайындап жатырсыз ба?**

– Жасыратыны жоқ ауыр, көп ізденісті талап ететін көне дәуірге ғалымдар бара қоймайды. Талпынып тұрған шәкірттерді де көре алмадым. Қазіргі таңда магистранттарға сабақ беріп жүрмін. Докоранттарға келсек онда әдебиетшілер жоқ десем де болады. Қазір докторантурада оқып жүргендер ағылшын тілінің мамандары. Оларға қазақ әдебиетінің керегі де жоқ, өйткені саласы бөлек. Осы жерде айта кететін мәселе, докторантураға не магистратураға түсу үшін алдымен ағылшын тілінен емтихан тапсырады. Одан әрине ағылшын мамандары өтіп кетеді де, өз мамандығының білгірлері қалып қоюда. Осы жүйені өзгертсе. Бірінші емтихан мамандық бойынша алынып, ағылшын тілін содан кейін тапсырса дұрыс болар еді.

**– Сіздің жеткен жетістіктеріңізге үйдегі апамыздың қосқан үлесі қаншалықты?**

– Отбасыңда береке болмаса, ештеңе де болмайды. Мақсатыңа жете алмайсың. Әйелің ұрыс шығарып отырса не істей аласың? Үйіңде береке болса сыртқа шығасың, жазасың, жұмысың жүреді. Бәйбішем екеуміз ыстық-суыққа бірге көніп, 5 баланы тәрбиелеп өсірдік. Мен әйелдерге 8-наурызда тойлама, өзіңе есеп бер, ойлан дер едім. Өйткені отбасының кілті – әйелде.

Журналист, әдебиеттанушы, түркітанушы Т.Еңсегенұлы шығарған 30-дан астам кітабы – 5 көркем шығарма, 15 монография, 1 оқулық, 10 оқу-әдістемелік құралдан тұрады. Бұған қоса 250-ден астам ғылыми, 70-ке жуық көркем, сын мақала және 30 -дан астам әңгіме жариялаған және 130 очерк, өлеңдер топтамасы жарық көрді. Негізгілерін атасақ, көркем шығармалары: «Тұтқын», «Момын» романдары, «Бақ құсы» - повесть, әңгімелер, новеллалар. «Шайтан бөрі»–сатиралық поэмалар мен сықақ өлеңдер. «Сағыныш–сұлу тырналар»–повесть, әңгімелер. Монографиялары: «Әдебиетіміздің бастауы – «Авестада», «Атамұра», «Қорқыт ата әлемі», «Сыр бойы ақын-жыраулары», «Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары», «Көне түркі руна жазба өлеңдері», «Авеста» – түркілерге ортақ мұра», «Күлтегін жазба ескерткіші – авторы бар эпопеялық шығарма» «Көне түркі руна жазба поэзиясы». Міне осындай еңбектерін ел игілігіне ұсынған ғалым, жазушы жақында Жазушылар одағына мүшелікке қабылданды. Құттықтаймыз!

**Сұхбаттасқан:**
**Эльмира АРТЫҚБАЕВА**

# Үш тұғырлы тіл – уақыт талабы

**Мәлике ШАЙХЫСТАМОВА**
Түркология ҒЗИ ғылыми қызметкері

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты кезекті Жолдауында «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасын іске асыруды ұсынған болатын. Бұл жобаның негізгі идеясы бүгінгі таңдағы өскелең ұрпақтың іскерлік дағдыларын қалыптастыру барысында ана тілімізбен терең сусындатып, біліммен қаруландыру және егемен еліміздің ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін шетел тілі арқылы таныту. Қазіргі таңда тіл білгеннің зияны жоқ. Тілдерді меңгеріп, сөйлеу арқылы өзге елдің мәдениетін, тарихын да білеміз. Осы орайда Елбасымыз тағы бір кезекті Жолдауында еліміздің әлемдегі дамыған және бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясын ұсынды. Осы жерде дамытуға нақты басымдықтардың бірі ретінде осы заманғы білім мен озық ғылымды дамыту болып саналатындығын атап көрсетті.

Әрине, Елбасымыздың дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған «Үш тұғырлы тіл» идеясы шын мәнінде, елдің ертеңі үшін өте қажет дүние. Еліміз көп ұлтты мемлекет болғандықтан, ұлтаралық татулықты сақтау, ұлттық-мемлекеттік бір тұтастықты қалыптастыру, ұлттық патриотизмді негізге ала отырып, ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Бірнеше тілді меңгеру – коммуникациялық және интеграциялық байланысты дамыту.

Тіл – адамзаттың бойына ана сүтімен дариды. Әлемде қанша ұлт, нәсіл болса, соларды бір-бірінен даралап тұратын басты бойтұмары – туған тілі. «Үш тұғырлы тіл» идеясының негізінде мемлекеттік тілімізді бірінші орынға қойып дамытуымыз қажет. Елбасымыз ұлттық тіл – қазақ ұлтының рухани мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал дей келе, мемлекеттік тіліміз қазақ тілі үш тілдің бірі болып қалмайды үш тұғырдың ең үстінде тұрады деп мемлекеттік тіліміздің дамуына кепілдік беріп отыр. Біздің ана тіліміз шексіз бай, өте көркем тіл. Ана тілінің көркемдігін көркейту ұлт




